

## "Абай" журналы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 мамыр 1994 ж. N 512. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 611 қаулысымен.

Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына әзірлену мен оны өткізуге байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің Семей қаласында республикалық әдеби-көркем және фольклорлық-этнографиялық "Абай" журналын шығару туралы ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Семей облысының әкімі "Абай" журналының редакциясына мекен-жай, керекті мүліктер, құрал-жабдықтар, ұйымдық техника мен қызмет көлігін бөлетін б о л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі "Абай" журналы редакциясының штаттық құрылымын анықтасын, оны полиграфиялық базамен, қажет мөлшерде қағазбен және басқа да материалдармен қамтамасыз ететін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Абай" журналын ұйымдастыру және оны шығару үшін қажет қаржы көзін анықтайтын болсын.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-министрі*